

Өз өндірісінің қосылған құны жоғары тауарлардың тізбесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 11 сәуірдегі N 326 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 31 желтоқсандағы N 1332 Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 31 желтоқсандағы N 1332 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы Кодексінің 140-7-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған өз өндірісінің қосылған құны жоғары тауарлардың тізбесі бекітілсін.

2. Осы қаулы 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми түрде жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 11 сәуірдегі
N 326 қаулысымен

бекітілген

Өз өндірісінің қосылған құны жоғары тауарлардың тізбесі

Р/с N	Атауы	Экономикалық қызмет түрлері бойынша өнімдер жіктеуішінің кодтары
1	2	3
1.	Фармацевтикалық препараттар	24.42.1
2.	Өзге де фармацевтикалық препараттар	24.42.2 (24.42.25-тен басқа)
3.	Компьютер жабдығы*	30.02.1 - ден (30.02.19-дан басқа)
4.	Қуаты 37,5 Вт-тан аспайтын электр қозғалтқыштар;	31.10.1

	тұрақты тоқты өзге де электр қозғалтқыштар; тұрақты тоқты генераторлар	
5.	Қуаты 37,5 Вт-тан жоғары ауыспалы және тұрақты тоқты әмбебап электр қозғалтқыштар; ауыспалы тоқты өзге де электр қозғалтқыштар; ауыспалы тоқты генераторлар (синхронды генераторлар)	31.10.2
6.	Электргенераторлық қондырғылар және айналмалы электрлі өзгерткіштер	31.10.3
7.	Радио-, телетаратушы аппаратура; теледидар камералары	32.20.1
8.	Сымды телефонға немесе телеграфты байланысқа арналған электр аппаратурасы	32.20.2
9.	Теледидар қабылдағыштар	32.30.2
10.	Дыбыс пен бейнені жазуға және шығаруға арналған аппаратура	32.30.3
11.	Медициналық және хирургиялық жабдық пен ортопедиялық керек-жарақтар*	33.10.1-ден (33.10.15-тен басқа)
12.	Сұйық кристалды қондырғылар; лазерлер (лазерлі диодтардан басқа); басқа топтамаларға енгізілмеген, өзге де оптикалық құралдар мен аппараттар*	33.40.2-ден
13.	Он немесе одан да көп адамды тасымалдауға арналған автомобильдер	34.10.3
14.	Жүк автомобильдері	34.10.4
15.	Арнайы және мамандандырылған автомобильдер	34.10.5
16.	Жолаушылар мен жүктерді тасымалдауға арналған кемелер және өзге де жүзу құралдары	35.11.2
17.	Кәсіпшілік, техникалық және қосалқы кемелер	35.11.3
18.	Ұңғымаларды бұрғылауға немесе пайдалануға арналған жүзбелі және сүңгімелі теңіз платформалары	35.11.4

* - қызмет түрлері Экономикалық қызмет түрлері бойынша өнімдер жіктеуішіне (ЭҚТӨЖ) сәйкес өнімнің кодымен де, атауымен де айқындалады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК